**Ақылы (қашықтықтан оқыту/оқу) қызметтерін көрсету туралы**
**Жария шарт-оферта**

Осы жария оферта (бұдан әрі – «Оферта») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес қосымша білім беру қызметтерін алғысы келетін тұлғалар тобына жолданған ресми ұсыныс болып табылады.

Офертада көзделген қызметтердің мәні – «UNIT LLC» ЖШС БСН 240240004682 тарапынан Оқушыларды Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) даярлау бойынша қосымша білім беру қызметтерін көрсету.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес, осы жария офертаны акцептеу тіркеу нысанына (келісімге) қол қою немесе **қызмет құнын төлеу арқылы** жүзеге асырылады. Акцепт жасалған сәттен бастап, Оферта толық қабылданған болып есептеледі және «UNIT LLC» ЖШС (бұдан әрі – «Орындаушы») мен тұтынушы (бұдан әрі – «Тапсырыс беруші») арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастарды реттей бастайды.

## 1. Қызметтің мәні

1.1. Орындаушы осы Офертаға сәйкес Тапсырыс берушіге қосымша білім беру қызметтерін – Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындық курсын ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтерді көрсетеді, ал Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдап, белгіленген тәртіпте ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушының қызметтері мыналарды қамтиды:

- Оқушыға eduser.kz платформасы арқылы оқу процесіне қолжетімділік беру;
- Оқушыға жеке кураторды бекіту;
- Тест тапсырмаларын куратор белгілеген уақытта тегін өткізу;
- Оқу барысында консультациялық қолдау көрсету;
- ҰБТ форматына сәйкес сынақ тестілеуді ұйымдастыру.

1.3. Оқушының оқу процесіне қатыспауы немесе берілген материалдарды уақытылы пайдаланбауы көрсетілген қызметтердің көрсетілмегені болып саналмайды.

1.4. Куратордың жұмыс уақыты 15:00-ден 23:00-ге дейін (Астана уақыты). Осы уақыттан тыс қойылған сұрақтарға жауап беру міндетті емес. Дегенмен, Тапсырыс беруші немесе Оқушы шағымдары мен өтініштерін кез келген уақытта eduser.kz платформасындағы жеке кабинет немесе электрондық пошта (admin@eduser.app) арқылы жолдай алады. Мұндай өтініштер 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

1.5. Орындаушы eduser.kz платформасына техникалық өзгерістер енгізуге құқылы. Бұл өзгерістер көрсетілетін қызметтердің сапасын төмендетпеуі тиіс және ол туралы Тапсырыс беруші алдын ала хабардар етіледі.

1.6. Тапсырыс беруші Оқушының ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті екенін мойындайды. Егер Оқушы 3 (үш) күннен артық себепсіз байланысқа шықпаса, Орындаушы ата-анасына хабарлап, Оқушыны оқудан шығара алады. Бұл жағдайда төлем қайтарылмайды.

1.7. Тапсырыс беруші осы Офертаға қосылу арқылы Орындаушыға өз және Оқушының жеке деректерін өңдеуге келісім береді. Жеке деректер тек осы Оферта

бойынша қызмет көрсету мақсатында қолданылады және Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес қорғалады.

1.8. Курстың жалпы ұзақтығы 5 (бес) айды құрайды.

## 2. Қызметтің құны және есеп айырысу тәртібі

2.1. Курстың құны Орындаушы бекіткен және eduser.kz платформасында (не болмаса қосымшада) жарияланған Бағалар прейскурантына сәйкес айқындалады. Прейскурантта көрсетілген тарифтік жоспарларға байланысты қызмет құны әртүрлі болуы мүмкін.

2.2. Тапсырыс беруші өзіне қолайлы тарифті таңдап, сол тарифке сәйкес төлемді жүзеге асырады.

2.3. Оқушы тарапынан оқу үдерісіне (оның ішінде пәнді ауыстыруға) өзгерістер енгізілген жағдайда, осыған байланысты туындайтын қосымша шығындарды Тапсырыс беруші өтейді.

2.4. Төлем келесі тәсілдер арқылы қабылданады:

- төлем картасы (Visa, Visa Electron, MasterCard, MasterCard Electronic, Maestro);
- Орындаушының банктік шотына ақша аудару арқылы;
- Kaspi Pay жүйесі арқылы.

**2.5. Егер Тапсырыс беруші немесе Оқушы курстан өз бастамасымен, жеке себептеріне байланысты оқудан шықса, төленген қаражат қайтарылмайды.**

*Қайтарым тек денсаулық жағдайына байланысты және оны растайтын медициналық ұйымнан берілген анықтама ұсынылған кезде ғана мүмкін болады.*

2.6. Тапсырыс берушінің қызметті төлеуі осы Офертаны акцептеу болып табылады және Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында шарттың жасалғанын білдіреді.

2.7. Қызметтерге ақы төлеудің кейбір тәсілдері Тапсырыс берушінің комиссияны төлеу жөніндегі міндеттемесін көздеуі мүмкін немесе төлемдерді қабылдауды және аударуды жүзеге асыратын тұлғалардың, банктің қызметтері үшін төлеу міндеттемесін қарастыруы мүмкін.

## 3. Қызмет көрсету тәртібі

3.1. Орындаушы оқу процесін eduser.kz онлайн платформасы арқылы ұйымдастырады.

3.2. Тапсырыс берушіге (Оқушыға) жеке логин және құпиясөз беріледі, олардың көмегімен оқу материалына және жеке кабинетке қол жеткізіледі.

3.3. Әрбір Оқушыға жеке куратор бекітіледі. Куратор оқу барысында кеңес беріп, тапсырмаларды бақылауды жүзеге асырады.

3.4. Куратордың жұмыс уақыты 15:00-ден 23:00-ге дейін (Астана уақыты). Осы уақыттан тыс қойылған сұрақтарға жауап беру міндетті емес.

3.5. Тесттер куратор белгілеген уақытта өткізіледі. Тесттерді немесе оқу материалдарын өз қалауы бойынша еркін алу мүмкіндігі берілмейді.

3.6. Орындаушы eduser.kz платформасының функционалына, сондай-ақ оқу бағдарламасына және оқу жүйесіне өзгерістер енгізуге құқылы. Мұндай өзгерістер қызметтің сапасын төмендетпеуі тиіс және олар туралы Тапсырыс беруші алдын ала хабардар етіледі.

EDUSER

3.7. Егер Оқушы 3 (үш) күннен артық себепсіз байланысқа шықпаса, Орындаушы ата-анасына хабарлап, Оқушыны оқудан шығаруға құқылы. Бұл жағдайда төлем қайтарылмайды.

3.8. Оқушыға ұсынылған оқу материалдары тек жеке білім алу үшін беріледі. Үшінші тұлғаларға таратуға, көшіруге немесе жариялауға қатаң тыйым салынады.

## 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

**4.1. Орындаушының құқықтары:**

4.1.1. Оқу бағдарламасының мазмұнын, құрылымын және әдістемесін өз қалауы бойынша бекітуге;

4.1.2. eduser.kz платформасына, оқу бағдарламасына және оқу жүйесіне өзгерістер енгізуге, егер олар көрсетілетін қызметтің сапасын төмендетпесе;

4.1.3. Оқушы 3 (үш) күннен артық себепсіз байланысқа шықпаған жағдайда, Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар етіп, Оқушыны оқудан шығаруға және төлемді қайтармауға;

4.1.4. Тапсырыс беруші немесе Оқушы тарапынан ішкі тәртіп ережелерінің өрескел бұзылуы жағдайында шара қолдануға: ескерту жасауға, қосымша тапсырма беруге, уақытша шеттетуге немесе оқудан толық шығарып тастауға;

4.1.5. Авторлық құқықты бұзу фактілері анықталған жағдайда, Оқушыға берілген материалдарды пайдалануды тоқтатуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартуды талап етуге.

**4.2. Орындаушының міндеттері:**

4.2.1. Оқушыға келісілген мерзімде оқу материалдары мен тест тапсырмаларын ұсынуға;

4.2.2. Әрбір Оқушыға жеке кураторды бекітіп, оқу барысын бақылауды қамтамасыз етуге;

4.2.3. Куратордың жұмыс уақыты (15:00–23:00) аралығында Оқушыға консультациялық қолдау көрсетуге;

4.2.4. Тапсырыс берушінің және Оқушының жеке деректерін Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес өңдеуге және қорғауға.

**4.3. Тапсырыс берушінің / оқушының құқықтары:**

4.3.1. Курстың толық бағдарламасына сәйкес сапалы білім беру қызметін алуға;

4.3.2. Кураторға оқу барысында сұрақ қоюға және белгіленген жұмыс уақытында жауап алуға;

4.3.3. Шағымдары мен өтініштерін eduser.kz платформасы немесе электрондық пошта арқылы кез келген уақытта жіберуге;

4.3.4. Оқушының оқу үлгерімі мен тәртібі туралы ақпарат алуға.

**4.4. Тапсырыс берушінің / оқушының міндеттері:**

4.4.1. Қызмет құнын келісілген мерзімде және толық көлемде төлеуге;

4.4.2. Оқушының ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге және оқу процесіне қатысуын қадағалауға;

4.4.3. Орындаушы ұсынған оқу материалдарын үшінші тұлғаларға бермеуге, көшіруге және жарияламауға;

EDUSER

4.4.4. Оқушыға оқу үшін қажетті техникалық құралдарды (компьютер, интернет) қамтамасыз етуге;

4.4.5. Оқушының сабаққа уақытылы қатысуына және оқу процесінде белсенді болуына жағдай жасауға.

## 5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Орындаушы осы Оферта талаптарын бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

5.2. Егер техникалық себептерге байланысты оқу материалдары уақытылы жүктелмесе немесе платформаға қолжетімділікте уақытша үзілістер орын алса, Орындаушы оларды мүмкіндігінше қысқа мерзімде қалпына келтіруге міндетті. Бұл жағдайларда төлемді қайтару қарастырылмайды.

5.3. Орындаушының кінәсінен көрсетілмеген қызметтер үшін жауапкершілік ақшалай қайтарыммен шектеледі және ол тек нақты орындалмаған көлемге ғана таралады.

5.4. Орындаушы Оқушының білім нәтижелеріне, сондай-ақ ҰБТ қорытындысына немесе білім беру грантын ұтып алуына кепілдік бермейді, өйткені бұл Оқушының жеке қабілеттеріне, дайындық деңгейіне және тәртібіне байланысты.

5.5. Орындаушы жауап бермейді:

- Оқушының сабақтарға қатыспауы немесе оқу материалдарын пайдаланбауы салдарынан туындаған нәтижелерге;
- Тапсырыс берушінің немесе Оқушының техникалық құралдарды (компьютер, интернет) дұрыс қолданбауына байланысты мәселелерге;
- Үшінші тұлғалардың әрекеттерінен немесе форс-мажор жағдайларынан (интернеттің уақытша істен шығуы, жабдық ақаулары, сыртқы платформалардың бұзылуы).

## 6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Тараптар осы Офертаның орындалуына байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді ең алдымен келіссөздер арқылы және өзара құрметке негізделген жолмен шешуге ұмтылады.

6.2. Тапсырыс берушінің шағымдары мен талаптары жазбаша түрде eduser.kz платформасы, электрондық пошта немесе пошта байланысы арқылы жолдануы мүмкін. Орындаушы мұндай шағымды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарауға және жазбаша жауап беруге міндетті.

6.3. Егер тараптар келіссөздер нәтижесінде дауды шеше алмаса, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

6.4. Тапсырыс беруші, тұтынушы ретінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 31-бабына сәйкес сотқа өзінің тұрғылықты жері, Оферта жасалған орны немесе қызмет көрсетілген жер бойынша талап қоюға құқылы.

6.5. Дауларды шешу барысында Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## 7. Форс-мажор

7.1. Тараптар осы Оферта бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды, егер бұл жағдайлар олардың еркінен тыс пайда

болған және алдын ала болжауға немесе болдырмауға мүмкін болмаған форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан орын алса.

7.2. Форс-мажорлық мән-жайларға мыналар жатады: табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, дауыл және басқа да дүлей құбылыстар), эпидемиялар мен пандемиялар, әскери іс-қимылдар немесе төтенше жағдайлар, мемлекеттік органдардың актілері, сондай-ақ Орындаушының бақылауынан тыс туындайтын жағдайлар, оның ішінде электр қуаты мен интернеттің ұзақ мерзімді үзілуі, байланыс құралдарының бұзылуы.

7.3. Форс-мажор жағдайлары орын алған Тарап басқа Тарапты жазбаша түрде немесе электронды хабарлама арқылы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

7.4. Форс-мажорлық жағдайдың әрекет ету уақыты ішінде міндеттемелерді орындау мерзімі сол уақытқа тең мерзімге ұзартылуы мүмкін.

7.5. Егер форс-мажор жағдайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық уақыт бойы сақталса, әрбір Тарап Офертаны біржақты тәртіпте бұзуға құқылы және бұл жағдайда айыппұлдар мен өсімпұлдар қолданылмайды.

## 8. Тыйым салынған әрекеттер

8.1. Тапсырыс берушіге және/немесе Оқушыға:

8.1.1. Орындаушының немесе оның қызметкерлерінің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға;

8.1.2. WhatsApp, Telegram немесе өзге мессенджерлерде Орындаушыға қарсы немесе қызмет сапасын төмендетуге бағытталған жеке чаттар/топтар құруға;

8.1.3. Электрондық оқу материалдарын тек жеке пайдалану үшін қолданудан тыс, көшіруге, беруге немесе таратуға;

8.1.4. Әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram, WhatsApp және т.б.) Орындаушының беделіне нұқсан келтіретін ақпарат таратуға;

8.1.5. Қызметті пайдалануға кедергі келтіретін немесе заңсыз мақсаттарда пайдаланатын кез келген әрекеттер жасауға тыйым салынады.

8.2. Осы бөлімде көрсетілген талаптарды бұзу жағдайында Орындаушы Тапсырыс берушінің/Оқушының қызметтерге қолжетімділігін алдын ала ескертусіз шектеуге немесе толық тоқтатуға құқылы. Мұндай жағдайда төленген қаражат қайтарылмайды, ал Орындаушы келтірілген залалдарды және беделіне нұқсан келген жағдайда қосымша шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

## 9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Оферта мерзімсіз қолданылады және Орындаушы оны кез келген уақытта өзгертуге немесе толықтыруға құқылы. Өзгерістер eduser.kz платформасында (немесе Орындаушының ресми өзге ресурстарында) жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

9.2. Егер Офертаның қандай да бір тармақтары жарамсыз деп танылса, бұл өзге тармақтардың қолданылуына әсер етпейді.

9.3. Тапсырыс берушінің қызметті төлеуі осы Офертаның барлық шарттарымен толық және сөзсіз келісімін білдіреді.

9.4. Осы Оферта бойынша туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

*Ақылы (қашықтықтан оқыту/оқу) қызметтерін көрсету туралы*
*Жария шарт-офертаға Қосымша №1*

# EDUSER БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ПРЕЙСКУРАНТЫ

**1. Кешенді пакеттер**

| **Пакет атауы** | **Құны** | **Толық мазмұны** |
|---|---|---|
| **VIS** | 499 000 ₸ | 🎬 топтық кураторлық қадағалау;<br>🎬 жеке менторлық қадағалау;<br>🎬 ағылшын курсы сыйлыққа;<br>🎬 Айдос Жұманазар ағаймен 2 жеке кездесу (алғашқы және ҰБТ алдындағы);<br>🎬 EDUSER BOX сыйлыққа;<br>🎬 ата-анаға арналған бейнесабақтар;<br>🎬 оқушыларға арналған мотивациялық кештер;<br>🎬 жексенбі күнгі дамуға арналған подкасттар және киноуақыт;<br>🎬 апталық және айлық марапаттау жүйесі;<br>🎬 60 нұсқа талдау + 10 нұсқа сыйлыққа;<br>🎬 психологиялық бейнесабақтар;<br>🎬 4 университет пен 4 мамандық таңдауға арналған кеңес |
| **COMBO** | 349 000 ₸ | 🎬 кураторлық оқыту жүйесі;<br>🎬 ҰБТ аяқталғанға дейін нұсқаларды талдау;<br>🎬 грантқа түсу мүмкіндігіне промокод;<br>🎬 Айдос Жұманазар ағаймен университеттер бойынша вебинар анализі;<br>🎬 ата-анаға арналған бейнесабақ;<br>🎬 ішкі грант конкурсына жолдама;<br>🎬 мотивациялық кештер;<br>🎬 ҰБТ соңына дейінгі толық сүйемелдеу;<br>🎬 3 негізгі пән + 2 пән сыйға;<br>🎬 кәсіби бағдарлау курсы (5 бейнесабақ);<br>🎬 «нұсқа талдау» курсы |
| **PROGRESS** | 239 000 ₸ | 🎬 кураторлық оқыту жүйесі (гибрид: тікелей эфир + дайын бейнесабақтар);<br>🎬 ҰБТ соңына дейінгі нұсқаларды талдау;<br>🎬 грантқа түсу мүмкіндігі промокод;<br>🎬 университеттер бойынша вебинарлар;<br>🎬 ата-анаға арналған бейнесабақтар;<br>🎬 мотивациялық кештер;<br>🎬 ҰБТ аяқталғанға дейінгі сүйемелдеу;<br>🎬 Kasip test (кәсіби бағдар тесті);<br>🎬 жылдық толық қолжетімділік |
| **MASTER** | 129 000 ₸ | 🎬 5 айлық кураторлық оқыту + 2 ай қайталау;<br>🎬 қатаң кураторлық бақылау;<br>🎬 ҰБТ соңына дейін нұсқаларды талдау;<br>🎬 грантқа түсу мүмкіндігі промокод;<br>🎬 ЖОО-лармен тікелей эфир;<br>🎬 апталық және айлық рейтинг жүйесі; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 🎬 ата-анаға арналған бейнесабақтар;<br>🎬 әр ай соңындағы байқау тест |

**2. Қосымша пәндер топтамасы**

| Топтама | Бағасы, ₸ |
|---|---:|
| Таңдау пән + Қазақстан тарихы | 199 000 |
| Таңдау пән + Геометрия | 159 000 |
| Таңдау пән + Математикалық сауаттылық | 159 000 |
| Қазақстан тарихы (жеке) | 76 000 |
| Математикалық сауаттылық (жеке) | 36 000 |
| Геометрия (жеке) | 36 000 |

**3. Жеңілдіктер**
–10% — көпбалалы отбасыларға;
–10% — қолма-қол төлем жасағандарға;
–50% — сол пәнге екінші жыл қайта тіркелген жағдайда;
–50% — «ерекше жан» санатына;
–25% — егер отбасында 1–2 топтағы «ерекше жандар» болса;
–10% — толық емес отбасыларға.

**4. Ережелер мен шарттар**

1. Бағалар теңгемен (KZT) көрсетілген және офертаны қабылдау/төлем жасау сәтіндегі уақытта қолданылады.
2. Жеңілдіктер өзара қосылмайды, ең үлкен жеңілдік қолданылады (егер акция шарттарында өзгеше көрсетілмесе).
3. Қызмет мазмұны EDUSER бағдарламасы мен ақпараттық материалдарында толық анықталады. Кейбір опциялар сыйлық ретінде беріледі және пакет құнына әсер етпейді.
4. EDUSER прейскурантты жаңарту құқығын сақтайды. Жаңартылған нұсқа офертаға бірге жарияланады және тек жаңа сатып алуларға қолданылады.

EDUSER

**Публичный договор-оферта**
**о предоставлении платных (дистанционных) образовательных услуг**

Настоящая публичная оферта (далее – «Оферта») является официальным предложением, адресованным группе лиц, желающих получить дополнительные образовательные услуги, и сделана в соответствии со статьей 387 Гражданского кодекса Республики Казахстан.

Предмет Оферты – оказание ТОО «UNIT LLC» БИН 240240004682 дополнительных образовательных услуг по подготовке школьников к Единому национальному тестированию (ЕНТ).

Согласно статье 396 Гражданского кодекса Республики Казахстан, акцепт настоящей публичной оферты осуществляется путем подписания регистрационной формы (соглашения) либо внесения оплаты за услуги. С момента акцепта Оферта считается принятой полностью и регулирует гражданско-правовые отношения между ТОО «UNIT LLC» (далее – «Исполнитель») и потребителем (далее – «Заказчик»).

## 1. Предмет договора

1.1. Исполнитель в соответствии с настоящей Офертой обязуется оказать Заказчику дополнительные образовательные услуги – организовать и провести курс подготовки к Единому национальному тестированию (ЕНТ), а Заказчик обязуется принять указанные услуги и оплатить их в установленном порядке.

1.2. Услуги Исполнителя включают:

• предоставление ученику доступа к учебному процессу через платформу eduser.kz;
• закрепление за учеником личного куратора;
• проведение тестовых заданий бесплатно в определённое куратором время;
• оказание консультационной поддержки в процессе обучения;
• организацию пробного тестирования в формате ЕНТ.

1.3. Непосещение учеником учебного процесса либо несвоевременное использование предоставленных материалов не считается неоказанием услуг.

1.4. Рабочее время куратора – с 15:00 до 23:00 (время Астаны). Вопросы, заданные вне указанного времени, могут остаться без ответа. Однако Заказчик или ученик вправе направлять жалобы и обращения в любое время через личный кабинет на платформе eduser.kz или по электронной почте (admin@eduser.app). Такие обращения рассматриваются в течение 5 (пяти) рабочих дней.

1.5. Исполнитель вправе вносить технические изменения в платформу eduser.kz. Указанные изменения не должны ухудшать качество предоставляемых услуг, а Заказчик будет уведомлён об этом заранее.

1.6. Заказчик признаёт обязанность ученика соблюдать внутренние правила. В случае отсутствия ученика на связи более 3 (трёх) дней без уважительной причины Исполнитель вправе уведомить родителей и отчислить ученика с курса. В этом случае оплата не возвращается.

1.7. Присоединившись к настоящей Оферте, Заказчик даёт согласие на обработку своих и ученических персональных данных Исполнителем. Персональные данные используются исключительно для целей оказания услуг по настоящей Оферте и

EDUSER

защищаются в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите».

1.8. Общая продолжительность курса составляет 5 (пять) месяцев.

## 2. Стоимость услуг и порядок расчетов

2.1. Стоимость курса определяется Исполнителем и указывается в Прейскуранте цен, опубликованном на платформе eduser.kz (или в приложении). В зависимости от выбранного тарифного плана стоимость услуг может различаться.

2.2. Заказчик выбирает удобный тариф и производит оплату в соответствии с ним.

2.3. В случае внесения изменений учеником в учебный процесс (в том числе замены предмета), дополнительные расходы оплачиваются Заказчиком.

2.4. Оплата принимается следующими способами:

• банковскими картами (Visa, Visa Electron, MasterCard, MasterCard Electronic, Maestro);

• переводом на расчетный счёт Исполнителя;

• через систему Kaspi Pay.

**2.5. Если Заказчик или ученик прекращают обучение по собственной инициативе и личным причинам, уплаченные денежные средства не возвращаются.**

*Возврат возможен только при наличии медицинского заключения, подтверждающего невозможность продолжения обучения по состоянию здоровья.*

2.6. Оплата услуг Заказчиком считается акцептом настоящей Оферты и означает заключение договора между Исполнителем и Заказчиком.

2.7. При некоторых способах оплаты на Заказчика может возлагаться обязанность по уплате комиссии, а также расходы на оплату услуг банков и иных организаций, осуществляющих приём и перевод платежей

## 3. Порядок оказания услуг

3.1. Исполнитель организует учебный процесс через онлайн-платформу eduser.kz.

3.2. Заказчику (ученику) предоставляется индивидуальный логин и пароль для доступа к учебным материалам и личному кабинету.

3.3. За каждым учеником закрепляется куратор, который консультирует в ходе обучения и контролирует выполнение заданий.

3.4. Рабочее время куратора – с 15:00 до 23:00 (время Астаны). Вопросы, заданные вне этого времени, могут оставаться без ответа.

3.5. Тесты проводятся в установленное куратором время. Самостоятельный доступ к тестам и учебным материалам в произвольное время не предоставляется.

3.6. Исполнитель имеет право вносить изменения в функционал платформы eduser.kz, а также в учебную программу и систему обучения. Такие изменения не должны ухудшать качество услуг, и Заказчик будет уведомлён об этом заранее.

3.7. Если ученик отсутствует более 3 (трёх) дней без уважительной причины, Исполнитель вправе уведомить родителей и отчислить ученика с курса. В этом случае оплата не возвращается.

3.8. Учебные материалы предоставляются только для личного пользования. Их распространение, копирование или публикация третьим лицам строго запрещены.

## 4. Права и обязанности сторон

**4.1. Права Исполнителя:**

4.1.1. Самостоятельно утверждать содержание, структуру и методику учебной программы;

4.1.2. Вносить изменения в платформу eduser.kz, учебную программу и систему обучения, если это не снижает качество услуг;

4.1.3. В случае отсутствия ученика более 3 (трёх) дней без уважительной причины, после уведомления Заказчика, отчислить ученика с курса и не возвращать оплату;

4.1.4. При грубых нарушениях внутренних правил со стороны Заказчика или ученика применять меры: вынести предупреждение, дать дополнительные задания, временно ограничить доступ или полностью отчислить;

4.1.5. В случае выявления нарушения авторских прав приостановить использование учебных материалов учеником и требовать привлечения к ответственности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**4.2. Обязанности Исполнителя:**

4.2.1. В установленные сроки предоставлять учебные материалы и тесты;

4.2.2. Закреплять за каждым учеником куратора и контролировать процесс обучения;

4.2.3. Оказывать консультационную поддержку ученику в рабочее время куратора (15:00–23:00);

4.2.4. Обрабатывать и защищать персональные данные Заказчика и ученика в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите».

**4.3. Права Заказчика / ученика:**

4.3.1. Получать образовательные услуги в соответствии с полной программой курса;

4.3.2. Задавать вопросы куратору и получать ответы в рабочее время;

4.3.3. Направлять жалобы и обращения через платформу eduser.kz или по электронной почте в любое время;

4.3.4. Получать информацию об успеваемости и дисциплине ученика.

**4.4. Обязанности Заказчика / ученика:**

4.4.1. Оплачивать услуги своевременно и в полном объёме;

4.4.2. Обеспечивать соблюдение учеником внутренних правил и его участие в учебном процессе;

4.4.3. Не передавать, не копировать и не публиковать учебные материалы, предоставленные Исполнителем;

4.4.4. Обеспечить ученика необходимыми техническими средствами для обучения (компьютер, интернет);

4.4.5. Создавать условия для своевременного участия ученика в занятиях и его активности в учебном процессе.

## 5. Ответственность сторон

5.1. Исполнитель несёт ответственность за нарушение условий настоящей Оферты в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

5.2. В случае если по техническим причинам учебные материалы не были своевременно загружены или произошли временные перебои в доступе к платформе,

EDUSER

Исполнитель обязан устранить проблему в максимально короткие сроки. Возврат оплаты в таких случаях не предусмотрен.

5.3. Ответственность Исполнителя за неоказанные услуги ограничивается возвратом денежных средств и распространяется только на реально неоказанный объём услуг.

5.4. Исполнитель не гарантирует результаты обучения, успешную сдачу ЕНТ или получение образовательного гранта, поскольку это зависит от индивидуальных способностей, уровня подготовки и дисциплины ученика.

5.5. Исполнитель не несёт ответственности за:

• последствия, возникшие из-за отсутствия ученика на занятиях или неиспользования учебных материалов;

• проблемы, вызванные неправильным использованием технических средств (компьютера, интернета) Заказчиком или учеником;

• действия третьих лиц или обстоятельства непреодолимой силы (например, временные сбои интернета, поломка оборудования, сбои внешних платформ).

## 6. Порядок разрешения споров

6.1. Стороны обязуются все споры и разногласия, возникающие при исполнении настоящей Оферты, решать прежде всего путём переговоров и на основе взаимного уважения.

6.2. Претензии и требования Заказчика могут направляться в письменной форме через платформу eduser.kz, по электронной почте или почтовой связью. Исполнитель обязан рассмотреть такие обращения и предоставить письменный ответ в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента их получения.

6.3. В случае если спор не удалось урегулировать путём переговоров, он подлежит рассмотрению в судебном порядке в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

6.4. Заказчик, как потребитель, вправе подать иск в суд по месту своего жительства, месту заключения Оферты или месту оказания услуг в соответствии со статьёй 31 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан.

6.5. При разрешении споров стороны руководствуются действующим законодательством Республики Казахстан

## 7. Форс-мажор

7.1. Стороны не несут ответственности за полное или частичное неисполнение обязательств по настоящей Оферте, если это произошло вследствие форс-мажорных обстоятельств, которые находились вне их воли и которые невозможно было предвидеть или предотвратить.

7.2. К форс-мажорным обстоятельствам относятся: стихийные бедствия (землетрясения, наводнения, пожары, ураганы и другие природные катастрофы), эпидемии и пандемии, военные действия или чрезвычайные ситуации, акты государственных органов, а также иные обстоятельства, не зависящие от Исполнителя, включая длительное отключение электроэнергии и интернета, поломку средств связи.

EDUSER

7.3. Сторона, у которой наступили форс-мажорные обстоятельства, обязана уведомить другую Сторону в письменной форме или электронным сообщением в течение 5 (пяти) календарных дней.

7.4. В период действия форс-мажора срок исполнения обязательств может быть продлён на время его действия.

7.5. Если форс-мажор продолжается более 30 (тридцати) календарных дней, каждая из Сторон вправе в одностороннем порядке расторгнуть Оферту без применения штрафных санкций и пени.

## 8. Запрещённые действия

8.1. Заказчику и/или ученику запрещается:

8.1.1. Совершать действия, наносящие ущерб деловой репутации Исполнителя или его сотрудников;

8.1.2. Создавать в WhatsApp, Telegram или иных мессенджерах чаты/группы, направленные против Исполнителя или на снижение качества его услуг;

8.1.3. Использовать электронные учебные материалы вне личных целей, копировать, передавать или распространять их;

8.1.4. Размещать в социальных сетях (Instagram, Facebook, Telegram, WhatsApp и др.) сведения, наносящие ущерб репутации Исполнителя;

8.1.5. Совершать любые действия, препятствующие использованию услуги или направленные на её незаконное использование.

8.2. В случае нарушения требований, указанных в данном разделе, Исполнитель вправе ограничить либо полностью прекратить доступ Заказчика/ученика к услугам без предварительного уведомления. При этом внесённая оплата не возвращается, а Исполнитель вправе требовать возмещения убытков и расходов, возникших вследствие причинения ущерба его репутации

## 9. Заключительные положения

9.1. Настоящая Оферта действует бессрочно, и Исполнитель вправе вносить в неё изменения или дополнения в любое время. Изменения вступают в силу с момента их публикации на платформе eduser.kz (или на других официальных ресурсах Исполнителя).

9.2. Если какие-либо положения Оферты будут признаны недействительными, это не затрагивает действие остальных её положений.

9.3. Оплата услуг Заказчиком означает полное и безусловное согласие со всеми условиями настоящей Оферты.

9.4. Все правоотношения, возникающие в рамках настоящей Оферты, регулируются действующим законодательством Республики Казахстан.

EDUSER

*Приложение №1 к Публичной оферте*
*о предоставлении платных*
*(дистанционных) образовательных услуг*

## ПРЕЙСКУРАНТ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛУГ EDUSER

### 1. Комплексные пакеты

| Название пакета | Стоимость | Полное содержание |
|---|---|---|
| **VIS** | 499 000 ₸ | • групповое кураторское сопровождение;<br>• индивидуальное менторское сопровождение;<br>• курс английского языка в подарок;<br>• 2 индивидуальные консультации с Айдосом Жуманазаром (в начале обучения и перед ЕНТ);<br>• EDUSER BOX в подарок;<br>• видеозанятия для родителей;<br>• мотивационные мероприятия для учащихся;<br>• воскресные подкасты и киносеансы для развития;<br>• система еженедельных и ежемесячных награждений;<br>• 60 пробных вариантов + 10 в подарок;<br>• психологические видеозанятия;<br>• консультации по выбору 4 университетов и 4 специальностей. |
| **COMBO** | 349 000 ₸ | • кураторская система обучения;<br>• анализ вариантов до реального ЕНТ;<br>• промокод на возможность получения гранта;<br>• вебинары с Айдосом Жуманазаром по университетам;<br>• видеозанятия для родителей;<br>• участие во внутреннем грантовом конкурсе;<br>• мотивационные мероприятия;<br>• полное сопровождение до ЕНТ;<br>• пакет «3 основных предмета + 2 в подарок»;<br>• курс профориентации (5 видеозанятий);<br>• курс «анализ вариантов». |
| **PROGRESS** | 239 000 ₸ | • кураторская система обучения (гибрид: прямой эфир + готовые видеозанятия);<br>• анализ вариантов до ЕНТ;<br>• промокод на возможность получения гранта;<br>• вебинары по университетам;<br>• видеозанятия для родителей;<br>• мотивационные мероприятия;<br>• сопровождение до ЕНТ;<br>• Kasip test (профориентационный тест);<br>• годовой полный доступ. |
| **MASTER** | 129 000 ₸ | • 5 месяцев обучения с куратором + 2 месяца повторения; |

EDUSER

| | | |
|---|---|---|
| | | • строгий кураторский контроль;<br>• анализ вариантов до ЕНТ;<br>• промокод на возможность получения гранта;<br>• прямые эфиры с университетами;<br>• еженедельные и ежемесячные рейтинги;<br>• видеозанятия для родителей;<br>• ежемесячные пробные тесты. |

**2. Дополнительные наборы предметов**

| Набор | Стоимость, ₸ |
|---|---:|
| Предмет по выбору + История Казахстана | 199 000 |
| Предмет по выбору + Геометрия | 159 000 |
| Предмет по выбору + Математическая грамотность | 159 000 |
| История Казахстана (отдельно) | 76 000 |
| Математическая грамотность (отдельно) | 36 000 |
| Геометрия (отдельно) | 36 000 |

**3. Скидки**

–10% — для многодетных семей;
–10% — при оплате наличными;
–50% — при повторной регистрации на тот же предмет на второй год;
–50% — для категории «особые лица»;
–25% — если в семье есть «особые лица» (1–2 группа);
–10% — для неполных семей.

**4. Правила и условия**

1. Цены указаны в тенге (KZT) и действуют на момент акцепта оферты/оплаты.
2. Скидки не суммируются, применяется наибольшая из возможных (если иное не предусмотрено условиями акции).
3. Содержание услуг определяется программой EDUSER и информационными материалами. Отдельные опции предоставляются как бонус и не влияют на цену пакета.
4. EDUSER оставляет за собой право обновлять прайс-лист. Обновлённая версия публикуется вместе с офертой и применяется только к новым покупкам.

EDUSER